

## АЛАШ АРЫСТАРЫ МҰРАТ ЕТКЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

Кезінде: «Түбінде еліміз егемендігін алады. Өз алдына дербес мемлекет болады. Мемлекеттілігімізді алған кезде ең бірінші болып Қараөткелде университет саламыз» деп мақсат еткен болатын алаш зиялылары.

XX ғасыр басындағы озық ойлы қазақ зиялыларының бұл асыл армандары ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен 1997 жылдың 10 желтоқсанынан республика астанасы болып бұрынғы Ақмола қаласының жаңа астана болып жариялануымен және 1996 жылғы мамыр айындағы Президент Жарлығымен еуразиялық үлгідегі ұлттық университеттің құрылуымен толық жүзеге асты дер едік.

Бүгінгі күні қазақтың ұлан-ғайыр даласының дәл төсінде бой көтерген Астана қаласы еліміздің ұлы мұраттары мен игі бастамаларының ұйытқысына айналса, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті халықаралық деңгейлі заманауи жоғары оқу орны болып саналады.

Әрине, кез келген ұлттың дамып, өркендеуі үшін алдымен білім беру мәселесін шешу қажет. Өйткені, тек қана білім беру жүйесін күшейту арқылы ғана мемлекет өрге басып, өркениетке жете алады. Ұлттық білім ордасын Еуразияның бел ортасында орналасқан Қараөткелде ашуды жоспарлаған алаш зиялылары білім және ғылым саласы турасында «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының «Ғылым-білім үйрету» деп аталынатын ІХ бөлімінде оқу орындарында білім алу жалпы халыққа қол жетімді, әрі тегін болуын, бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, ұлттық орта мектептер мен университет ашу қажеттігін көрсете келе, одан әрі: «оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хұкмет оқу ісінде кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өз ара сайлаумен қойылуы» деген оқу-білім саласына қатысты белгілеген басты бағыттар қазіргі күнгі әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес келетін негізгі талаптар екендігіне көз жеткіземіз. Ендеше, біздің ұлттық зиялыларымыз осыдан 90 жыл бұрын озық тәжірбиелі шетелдік білім беру жүйесін таңдаған. Өйткені, Алаш идеологиясының түпкі мәнісі «Жұртта білім болса, байлық, құрмет, барша рахат та табылмақшы. Егерде білім, өнер жоқ болса, дүниедегі кеңшіліктің бәрінен де құр қалып, көрінгенге жем болып, шөліккеп, азып-тозып бітпекші» дегенге сайып келді. Ал қазіргі жаһандану жағдайында білім беру саласының, соның ішінде, әсіресе жоғары білім берудің маңызы тіптен бірнеше есе арта түсті. Себебі, бүгінде халықаралық жоғары білім беру тәжірбиесін ескермей, қазіргі заманға сай білім алуға қол жеткізу мүмкін емес.

Сондықтан қазіргі күні біздің мемлекетіміздің тарапынан отандық жоғары білім беру жүйесінің жаңаша даму жолына қойылып, жылдан—жылға жетіліп отыруына ерекше ден қойылып отыр. Осы мақсатта Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған жылдардың алғашқы кезінен-ақ жоғары білім беру саласында бірнеше кезеңді күрделі қайта құру бағдарламалары жүзеге асырылғаны белгілі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу бойынша мақсатталған іс-шаралар жүргізілуде. Болонь үрдісінің негізі болып

табылатын- Университеттердің Ұлы Хартиясына еліміздің 60 жоғары оқу орны қол қойған. Олардың қатарына 2005 жылы Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ де енді. Сонымен қатар, университет Еуразиялық университеттер Ассоциациясы, Халықаралық университеттер Ассоциациясы сияқты ірі ұйымдардың толыққанды мүшесі.

2009 жылы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық «QS World University Rankings» агенттігі жүргізген зерттеулердің нәтижесінде Орталық Азия аймағынан алғашқы болып әлемдегі ең үздік 500 университеттің қатарына қосылды және әлемдегі 20 000 университеттің рейтингінде 4082-орынды иеленді.

Осылайша, XX ғасыр басында қазақ ұлты мүддесін қорғап, халқына көшбасшы бола білген, парасатты да көреген, дана азаматтары- алаш зиялыларының арман еткен білім ордасының қазіргі кезде күннен-күнге халықаралық мәртебесінің артуы үлкен жетістік. Өйткені, қазақ ұлтының білімділік деңгейімен ұлттық бәсекелестік қабілеті айқындалатыны сөзсіз. Ал әлемдік білім беру кеңістігіне толығымен кірігу жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейге сәйкестендіруді талап етеді. Мұны Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов сөзімен түйіндейтін болсақ: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек».